«Таразэнергоорталық» АҚ

АО «Таразэнергоцентр»

Тараз қаласы
Сыпатай батыр көшесі, 8[а] үй

г.Тараз
ул.Сыпатай батыра, дом 8[а]

Қазақстан Республикасы
Жамбыл облысы
«Таразэнергоорталығы» АҚ
Шығыс № 615-08/26.06.2026
Тараз қаласы, Сыпатай батыр көшесі 8

АО «Центр электронных финансов»

Настоящим АО «Таразэнергоцентр» (далее – Заказчик) сообщает о необходимости совершения регламентированных действий на веб-портале государственных закупок в отношении недобросовестного поставщика.

В 2025 году между АО «Таразэнергоцентр» и Товариществом с ограниченной ответственностью «Қазына City» был заключен договор о государственных закупках №041140005608/250176/00. В ходе исполнения договорных обязательств Поставщиком были допущены нарушения, выразившиеся в неисполнении обязанностей, в связи с чем Заказчиком было направлено уведомление о расторжении договора в одностороннем порядке.

Спор по вопросу неисполнения обязательств и признания поставщика недобросовестным участником был передан на рассмотрение в судебные органы. В связи с длительностью судебного процесса, итоговое решение было вынесено 11 июня 2026 года. Суд подтвердил обоснованность требований Заказчика.

На текущий момент, в связи с истечением сроков и спецификой работы системы, доступ к функционалу расторжения данного договора на веб-портале ограничен. Данное обстоятельство препятствует своевременному исполнению решения суда, а именно: 1. Завершению процедуры юридического расторжения договора на веб-портале. 2. Автоматическому (или принудительному) включению ТОО «Қазына City» в Реестр недобросовестных участников государственных закупок (РНУ).

На основании вышеизложенного, ПРОШУ ВАС: • Открыть технический доступ к договору №041140005608/250176/00 для проведения процедуры расторжения и направления сведений в Реестр недобросовестных участников.

Приложение: 1. Копия решения суда от 11.06.2026 г.

Реабилитационный управляющий АО «Таразэнергоцентр» _____ **Булекбаев Ж.А.**

23962529849

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 наурыз іс № 3115-25-00-2/2935 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы Ж.Аюбекове
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

№1 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы

№1 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№1 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Айыппұл сомасын өндіру

№2 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№2 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
«Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы

№2 ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1. Орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп тану
2. Нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор И.Ким
«Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының өкілдері К.Калимбетов, А.Ескермесов.
«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері Б.Игликов, Е.Саурамбекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

21 шілде 2025 жылы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - [illegible]

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026

(бұдан әрі - жауапкер) арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (Ғимараттың шатырын ағымдағы жөндеу) мемлекеттік сатып алу туралы №174 шарт жасалған.

Шарттың мәні бойынша Жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларға сәйкес жалпы құны 6 230 322,56 тенгені құрайтын қызметтерді көрсетуге міндетті болып табылады.

Көрсетілетін қызмет: Ғимараттың шатырын ағымдағы жөндеу.

Қызмет көрсету орны: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сыпатай батыр көшесі 1.

Қызмет көрсету мерзімі: тапсырыс берушінің өтінімі бойынша өтінімді бергеннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде.

Бірақ жауапкер техникалық ерекшелікке сай міндеттемелерді орындамаған.

№1 талап қою бойынша талап қоюшы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және айыппұл сомасын өндіруді сұраған.

Жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өкілі сотқа пікірін жолдап, шартты орындау мүмкін емес екендігін келісім шартқа тұрмай жатып тапсырыс берушіге хабарлағанын, бұл тендердің жасанды өткізілгенін және адал бәсекелестіктің бұзылғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Талап қоюшы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының өкілдері К.Калимбетов, А.Ескермесов талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері Б.Игликов, Е.Саурамбекова пікірін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

№2 талап қою бойынша талап қоюшы «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз талап қоюында міндеттемелерді тиісті түрде орындағанын көрсетіп, құрылыс-техникалық сараптама жүргізіліп,маманның 14.10.2025жылғы қорытындысына сәйкес, нақты орындалған жұмыс: екі қабатты жұмсақ шатырдың құрылымы 1177,7 м2, оның қабырғаларының тік беттеріне жанасу ауданы 47,1 м2 құрайды. Осы орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп танып, нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіруді сұрады.

Прокурор И.Ким талап қоюшы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қоюын қанағаттандырып, талап қоюшы «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамына орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп тану, нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіру туралы талап қоюын қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026
3115-25-3-1/3217

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен шарт жасасып, белгіленген мерзімде, техникалық сипаттамаға сай орнатуға міндеттенген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін орындамаған, бұл жағдай жұмыстарды қабылдау актісінің жоқтығымен және сот құрылыс-тауартанушылық сараптамасының қорытындысымен дәлелденеді. Нақты айтқанда, келісім шартқа және техникалық ерекшелікке сай ескі жабындыны демонтаждау жұмыстары толық орындалмаған, тегістеу төсенішін (стяжка) орнату жұмыстары жүргізілмеген, тек ішінара жұмсақ жабынды (мягкая кровля) төселген.

АПК-нің 72 және 73 баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады. Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін. Жауапкер тарапынан сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер келтірілмеді.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін белгіленген мерзім ішінде тиісті түрде орындамаған.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындамауы себепті ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сондықтан талап қоюшының жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026

3115-25-3-1/3217

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 8.3 тармақшасына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 пайыз мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алуға құқылы.

Талап қоюшының есебіне сәйкес тұрақсыздықтың мөлшері мерзімі өткен 26 күнге 161 988теңге құрайды, сот есепті тексеріп, айыппұл сомасы дұрыс есептелген деп санайды.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 6 826 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 651 бабының 1 тармағына сәйкес, Құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

АК-нің 654 бабының 1,4,5 тармақтарына сәйкес, Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті. Құрылыс жүргізу барысында жобалау-сметалық құжаттамада есептелінбеген жұмыстарды және осыған байланысты қосымша жұмыстар жүргізу мен құрылыстың сметалық құнын өсіру қажеттігін анықтаған мердігер тапсырысшыға ол туралы хабарлауға міндетті. Мердігер өз хабарламасына тапсырысшыдан он күн ішінде жауап алмаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта бұл үшін өзгеше мерзім көзделмесе, бос тұрыстан келтірілген залалдарды тапсырысшының есебіне жатқыза отырып, тиісті жұмысты тоқтата алады. Осы баптың 4-тармағында белгіленген міндеттерді орындамаған мердігер, егер тапсырысшының мүдделері үшін шұғыл іс-қимыл жасау қажеттігін, атап айтқанда, жұмыстың іркілуі салынып жатқан объектінің қирауына немесе бүлінуіне әкеп соқтыратынына байланысты шұғыл іс-әрекеттің қажеттігін дәлелдей алмаса, тапсырысшыдан қосымша жұмысты орындағаны үшін ақы және осыдан туған залалдардың орнын толтыруды талап ету құқығынан айырылады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026
2115-25-2-1/2217

АК-нің 663 бабының 4 тармағына сәйкес, мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және тапсырысшының оны қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері де қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы белгі қойылып, актіге екінші тарап қол қояды. Жұмыс нәтижелерін бір жақты тапсыру немесе қабылдау актісін актіге қол қоюдан бас тарту себептерін сот негізсіз деп таныған жағдайда ғана сот жарамды деп тануы мүмкін.

Мұндай тұрғыда, талап қоюшының ұсынып отырған құжаттарының шынайылығына негізделген күмән туады

Аталған азаматтық іс бойынша соттың ұйғарымы негізінде сот-тауартанушылық сараптама тағайындалып, сарапшылардың алдына төмендегі сұрақтар қойылған: «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 21 шілде 2025 жылғы №174 келісім шартқа сәйкес орындалған жұмыстары техникалық ерекшелікке және сметалық құжаттамаға сай келе ма, техникалық ерекшелікке және сметалық құжаттамаға сай болса нақты орындалған жұмыстардың көлемі және құны?

Әділет министрлігінің «Сот Сараптамалары орталығы» РМҚКФ Жамбыл облысы бойынша сараптамалар институтының №85/494 санды 17 ақпан 2026 жылғы сараптама қорытындысына сәйкес, «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 21 шілде 2025 жылғы №174 келісім шартқа сәйкес орындалған жұмыстары техникалық ерекшелікке және сметалық құжаттамаға сай келмейтіндігін көрсеткен, нақты айтқанда ескі жабындыны демонтаждау жұмыстары толық орындалмаған, тегістеу төсенішін (стяжка) орнату жұмыстары жүргізілмеген, тек ішінара жұмсақ жабынды (мягкая кровля) төселген.

«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келісім шартқа сәйкес жұмыстарын орындағандығы өз дәлелін таппай отыр.

АПК-тің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс. Алайда «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келтірген уәждерін сот негізсіз және қабылдануға жатпайды деп санайды.

Бұндай жағдайда, «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамына орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп тану, нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіру жайлы талабы қанағаттандырудан бас тартылуға жатады деп есептейді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026

Талап қоюшы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы, талап қоюшы «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамына орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп тану, нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіру туралы талап қоюлары ішінара қанағаттандырылсын.

Талап қоюшы «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы жауапкер «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 161 988 (бір жүз алпыс бір мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге айыппұл сомасы және 6 826 (алты мың сегіз жүз жиырма алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Қазына City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамына орындалған жұмыстардың актісін жарамды деп тану, нақты орындалған жұмыстардың құнын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 13 наурыз 2026 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 13.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.06.2026, судья Тажиева Г. М., 25.06.2026